

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай өңірлік
университеті» КЕАҚ

НАО «Костанайский
региональный университет
имени Ахмет Байтұрсынұлы»

ШЕШІМІ

Ғылыми кеңестің
26.06.2025 ж.

Қостанай қаласы

РЕШЕНИЕ

ученого совета
№ 9

город Костанай

Оқу-әдістемелік кеңес Төрағасының, Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Наурызбаева Э.К.-ның «2024–2025 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік кеңестің қызметі туралы есеп» баяндамасын тыңдап, талқылай отырып, Ғылыми кеңес университеттің оқу-әдістемелік қызметін үйлестіру бағытында Оқу-әдістемелік кеңестің мақсатты әрі жүйелі жұмыс жүргізіп отырғанын атап өтеді. Сонымен қатар, аталған үдерістерді жетілдіруді қажет ететін бірқатар бағыттар бар екені көрсетілді.

Осыған байланысты Ғылыми кеңес

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Білім беру бағдарламаларын жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды олардың практикалық бағыттылығын арттыруға, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге, сондай-ақ ұлттық және халықаралық рейтингтердегі университеттің позициясын нығайтуға бағыттау.

Академиялық комитеттер

Білім беру бағдарламалары бөлімі

2025 жылғы 1 шілдеге дейін

2. Дүниежүзілік банк жобасын іске асыру нәтижелерінің жария түрде таралуын университеттің ресми сайттары, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілер арқылы қамтамасыз ету, оның ішінде білім беру бағдарламаларындағы өзгерістерді сипаттау, тренерлер мен профессор-оқытушылар құрамының қатысуы, табысты тәжірибелер (success stories) мен студенттердің пікірлерін қамту; сондай-ақ бағдарламаларды іске асыру бойынша білім беру мазмұнындағы, оқыту әдістемелеріндегі, бағалау нысандары мен мектептік білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылдағы өзгерістерді көрсететін ішкі университеттік есептерді әзірлеу және енгізу.

Педагогикалық институттың
директоры, Педагогикалық

институттың кафедралары, ППС

тұрақты түрде

2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін

3. Кәсіби практикалардың барлық түрлерін ұйымдастыру және өту тәртібі бойынша бірыңғай әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту, оның ішінде практикалардың мақсаттары, міндеттері мен мазмұнын, сондай-ақ практика нәтижелерін бағалау критерийлері мен жүйесін сипаттау.

Ұсынымдардың кәсіби стандарттар талаптарына және жұмыс берушілердің күтілімдеріне сәйкестігін қамтамасыз ету.

Мансап және жұмысқа
орналастыру орталығы
2025 жылғы 1 қазанға дейін

4. Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің грифін алуға үміткер оқу және оқу-әдістемелік құралдарды дайындау жұмысын күшейту, кейін оларды білім беру ұйымдарында тарату. Материалдарды республикалық қарауға дайындау, сараптау және ұсыну бойынша кезең-кезеңімен жоспар жасау.

Кафедра меңгерушілері
2025 жылғы 30 қыркүйекке дейін

5. Аталған шешімнің орындалуын академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бақылауына берілсін.

Ғылыми кеңес хатшысы



М.Хасанова